

ТҰРАҒҰЛ  
ҚҰНАНБАЕВ

ӘКЕМ  
АБАЙ  
*тұралы*



ТҰРАҒҰЛ  
ҚҰНАНБАЕВ

---

ӘКЕМ  
АБАЙ  
*тұралыс*



АЛМАТЫ "АДА ТІЛІ" 1993

**ББК 83.3 Каз—8  
К 76**

*Әзірлен, баспаға ұсынған Б. БИСЕГАЛИЕВ,  
филология ғылыминың кандидаты.*

**Редакторы Сырым БАКТЫГЕРЕЕВ.**

**Құнанбаев Т.**

**К 76    Экем Абай туралы. Алматы: Ана  
тілі, 1993—56 бет.**

**ISBN 5-630-00190-6**

Абайдың сүйікті жары Әйгерімнен туған ба-  
ласы Тұрагұлдың "Әкем Абай туралы" атты ес-  
телігі архив сөрсетінде ұзақ уақыт сакталып  
келип, енді ғана жарық көріп отыр.

Тұрагұл колжазбасы Абай туралы жазылған  
түсініш естелік. Автор экесінің бойындағы  
акындық өнері мен машиқтарын, мінез-құлқы  
мен кейбір оқиғаларға катысын, өз ортасымен  
карым-катышасын қызықты түрде баяндада.

Естелік жоғары оку орындары студенттеріне  
және көпшілік оқырман қауымға ариналған.

**К 4603000000—048  
415(05)—93 012—93**

**ББК 83.3 Каз—8**

**ISBN 5-630-00190-6**

**© Құнанбаев Т., 1993**

## ЕСТЕЛІК ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

Абайұлы Тұрағұл (Тұраш) ұлы ақынның сүйгөн жары Әйгерімнен тұган 1875 жылы Абайдың отыз жасында дүниеге келген баласы. Ұлы ақын қолында тәрбиеленіп, мұсылманша, орысша сауатын ашқан. Абай үйінде өткөн келелі кештер мен әнгіме кенесіне катысып, жасынан рухани қазынасы құнтарлы болуының үстіне өзі де өз бетімен ізденип, көп оқып іштей толысып жетіле береді. Орыс тілін жақсы менгеруі себепті, сол тілдегі көркем әдебиет нұскаларын аударумен айналысады. 1924 жылы М. Горькийдің "Челкаш" әнгімесін аударып, сол жылы "Тан" журналының 3-4 сандарында жариялады. 1925 жылы А. Неверовтің "Мен өмірге жерікпін" деген шығармасын аударып, жариялады.

Әдебиет дүниесінде аударма өнерін Тұрағұл өмірінің соңына дейін жалғастырган сияқты. Тұрағұлдың кызы Мәкен апайдың әкесі жайлы: "Мұхтар Әуезов әкем туралы әңгімслеген кезде, Мәкен, Тұрағұл орыс тілінен көптеген көркем шығармалар аударып, басқа кісілердің атымен шығып тұрды. Қаламақысын өзіне жіберіп отырдық. Амандық болса бәрін де кейін айтып берем дейтін. Бірақ тағдыр оны бізге жазбады. Мұқаш ксисттегі кайтыс болып кетіп, ол сырдың шындығы ашылмай қалды, қарағым", — деп тебірсөнсө отырып мұная еске алғаны бар еді.

Тұрағұл қазақ халқының ояну дауіріндегі Э. Бекейханов, М. Дулатов, С. Торайғыров сиякты кесек тұлғалармен тікелей қарым-қатынаста болып, солар бастаған азаттық ұранына атсалысқан санаулы адамдардың бірі болатын-ды. 1918 жылы Тұрағұл Семей қаласындағы земуправта гласный қызметін атқарады. Сойткен Тұрағұл 1928 жылы конфіскіге ілінді. Ереже бойынша ірі қара малы 300-ден асса ғана конфіскеге ілінуі керек еді. Бірақ асыра сілтеу заманында Тұрағұл үй — ішінің малы 52 қара малға шағып көрсетілсе де, шынжыр балак шұбар тәстін тұқымы деп зорлықпен оны Сырдария округіне жер аударды. 1934 жылы Шымкент қаласында қызы Мекеннің қолында қайтыс болып, сол қалаға жерленді.

Тұрағұлдың Майса, Сақылжамал деген әйелдері, олардан Жәбірәйіл, Зұбайыр, Мекаил деген ұлдары мен Ақыш, Мәкен атты қыздары болған. Бұлар да күгінға үшіраса, Мекаил 1932 ж. Семейде атылды.

Абай қайтыс болған соң әкесі туралы алғаш рет естелік жазып калдырған да Тұрағұл еді. Бұл естеліктің кей тұстарын М. Әузев Абайдың 1933, 1939—1940 жылдары басылым көрген толық жиһактарында жарияланып, әрі Абайдың ғылыми өмірбаянын төрт рет кайта жаңғыртып жазу үстінде және "Абай жолы" эпопеясында да мықтап пайдаланған болатынды.

Тұрағұлдың өз әкесі жайында естелік жазуға Мұхтар Әузевтің тікелей араласқаны, тіпті соңың тегеуірінді тілегімен жүзеге асқаны естеліктің сарынышан да байкалады. Өйткені 1924 жылы желтоксан айында, Семей қаласында, Абайдың қайтыс болуына 20 жыл толуынғ атағ ету туралы Орыс географиялық қоғамының Семей белімі арқылы мәселе көтеріп, күн тәртібіне ендірген де Мұхтар еді. Осы әдеби кешті Мұхтар Әузев,

Жұмат Шанин, Халел Фаббасовтар баяндама жасаса, Кекбай өзінің Абай туралы естелігін айтады. М. Эуезов арқылы 1924 жылдың өзінде Абайдың түнгіш толық жинағының алғашкы нобайы жасалып, баспаға да ұсынылған-ды. Осы тұста Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуды коса қолға алып, замандастарымен әңгімелесіп, естеліктер жазғызып, Абайдың ұмыт бола бастаган өлеңдерін Шәкерім, Кекбай, Тұрағұлдардың жатқа айтуынан қағазға түсіреді. Абай өлеңдерінің 1086 жолын үйірге кайта косып, айта қаларлықтай зерттеу жұмыстарын жүргізді. Міне, ссы тұста М. Эуезов Тұрағұлға да естелік жаздырған сияқты. “Әкем Абай туралы” деген колжазбада: “Менік әкемнің биографиясыла керекті сездерді жинамақшы болған азаматқа менің әкемнің жалпы әдепті мінезін, салтын көрсетуге замандастының бір жолыққандағы калпын, түрін, киген киімін, отырған тұрғанын, сейлекен сезін, я қуангана, я ашууланғанын жазбағы қажет екен...”

Мен бұрын мұндай сезді жазып, я жазған адамның кітабын оқып танысқан адам емес едім. Бір күнгі, бір жердегі көргенімді есіме алып жазғанымен сұраушы азаматтың көңіліндегі арманын актай алғандай емеспін”, — дес жазылуымен-ақ “сұраушы азаматтың” Мұхтар Эуезов екендігі жанамалап айтылып отыр.

*Мекемтес Мырзахметұлы,*

А. Яссави атындағы казак-турік халықаралық Түркістан университетінің казак әдебиеті кафедрасының мемгерушісі, филология ғылымының докторы.

## **ӘКЕМ АБАЙ ТУРАЛЫ**

Менің әкемнің биографиясына керекті сөздерді жинамақшы болған азamatқа менің әкемнің жалпы әдетті мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандагы қалпын, түрін, киген киімін, отырган-тұрганын, сөйлеген сезін, я қуанған я ашууланғанын жазбагы қажет екен. Менің әкемнің замандасында қalamға үйір, көрген-білгенін қағазға түсіре білері аз болған сон, амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-гүрпүн баласы жазбагы, менің білуімше, солакай секілді.

Мен бұрын мұндай сөзді жазып, я жазған адамның кітабын оқып, танысқан адам емес едім. Бір күнгі, бір жердегі көргенімді есіме алып жазғаныммен сұраушы азаматтың көнліндегі арманын актай алғандай емеспін. Сондықтан әкемнің өзімнің білген кадерімше жалпы мінезін алыстан алып, кен толғап

жазгым келеді. Бұл сөзді керек қылған азамат, мол бұлдан керегін пішіп корытып алар.

Мен әкемнің кіші жамағатынан тұған тұнғыш баласымын. Әкем кіші жамағат алғанда, бастапқы бәйбішесі өзінен 2—3 жас үлкен еді, үлгайған кезімде өзімді күтүге колайсыз болады деген шығар. Екінші, жалпы қолы жеткен, әлі келген адамға екі катын алмак тұрып сықылдыланғандықтан да шығар.

Мен әкемнің 32 жасында, жастықтын алғашкы арыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде тұғаннын. Мен әкемді танығанда, әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширак жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір іспен қызыктамай, жай, салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе малай, малши, қызметкер катынан да болса, бір тәуір мінезін, қылышын тауып, жаксы көріп, ойнап-қалжында отырар еді. Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адамымен мәжілісте болып, үзак отыра алмаушы еді. Ондай адамдармен бас коспак уақыт еріксіз кез келсе, ол уақытты өзіне абақтыдан кем көрмеуші еді. Сыпайылыққа салиха,

әдептілөніп аяғының басқанын андал, аузынан шықкан сөзін санап отыратұғын адамға да, уақытқа да риза емес еді. Жарқын жүзбен, ашық көнілмен қытықсыз келетүгін адамды ансан сағынып, ондай адамы келгенде, баласы я туган бауыры келген кісідей қуанып калушы еді.

Менің бала кезімде, меңін әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжындағын да, көnlі кайтса, қытығына тисе ашуы да тез келгіштігінен, ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат сықылды, ойнаған болса да коркыншы қеуделерінен кетпей қымсынып отыруши еді.

Үйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте түру — жалпы әдеті. Төсегінің алдынан қалың постел төсетіп, оның үстіне көрле салғызып, бір жағынан үлкен жастық койғызып, кейлекшен, басқа киім кимей, жастығына шынтақтап, кейде бауырына басып отыруши еді, қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргенім жоқ. Бірак, ол қанты алдында жатады. Көп жегіш емес. Таңертеңгі шайына: кейде жұмыртқа костырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртеді, жеке бауырсакпен іше

көймаушы еді. Шайын стаканга құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салушы еді.

Қазақ ойнайтын ойындар: дойбы, карта сықылды ойындардың бәріне де ілгергі казактың ойыншылары ретті ойнаушы еді, сөйтсе де мен білген кезде салынып, қызықтап ойнайтын ойыны тоғызқұмалак еді. Қай-қайдағы тобықты ішіндегі ойыншы шалдар келіп, ай жатып ойнап қайтушы еді. Сондай ойыншы шалдарының дәuletі нашарлары, кейде согымдық қой, тай, тайынша атып, я атка мініп қайтқаны да болды. Көбінесе ол шалдардың қысты күні келіп жатқышы: Корлебай, Құттықожа, Куаттың Қойбердісі, Макыштың Ысмагұлы дегендер секілді.

Танертенгі шайды ішкен соң құмалак басталыт, менің әкем көйлекшен күйінде, басына такиясы, бауырына ак жастығын басып, құмалагын ойнап жатады. Құндіз келген ел арасының ретті адамдары да ойынға кірісіп кетеді, құмалактан кезек тимегендер, я ойнай білмейтіні, балалар өз алдына дойбы, я картаның дүкенін ашады. Құмалакта әкемді женген адам көргенім жок.

Біздің казактың уақытқа байлығынан бір әдеті — бір жерге жұмыс-

пен барса, барған жұмысын барған жерден айтпай, не қонып, не түстеніп, енді аттанарында гана айтады. Менің әкем, елдің бүл әдетіне қарсы еді. Алыс жерден келген сый адам болмаса, ел арасының адамынан келген жерден жұмысын сұрап, бітіріп, енді отыра бер деп өзі алансыз ойынына, я кітабына кіріп кетуші еді. Егер келген кісі, сұраган жерден жұмысын айтпай, елдің әдетіне салып тығызып қалса, оған ыза болып, енді ол айтарлық кезегім келді деп жұмысын айтпақшы болғанда, бағана сұраганымда неге айтпадын деп үрсип, кейде сезін тыңдамай да қояды. Сұраган жerde жұмысын айтқан кісіге ырза болып қалады. Біздің елдің адамы бүл мінезіне үйрентендігінен негып жүрсің деп сұраган жерден жүрген жұмысын айтатын болды.

Шаруа жәғына көзінің қырын сирек салады. Құндіз-тұні босатпайтын елдің жұмысынан колы да тимейді. Шаруаның үш түрін ескеруші еді, жаксы конысты таңдал кону, жаксы малшыны іздең тауып, акысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер өтіп кеткені бар ма — соны гана қараушы еді. Жаксы ат, уә айғыр секілді жылқысы болмаса жалпы жылқысын танымайды, кой мен

түйені де сеніп салған қойшы, түйешісінен ғана сұрайды, әйтпесе, өзі миңау менің түйем, қойым деп бірін де танымайды, сиырды жиган кісі емес, сиыр кар теппейді, жаз болса үйдің маңайын былгайды деп, ол кездегі біздің елдің байларының бәрі де жимашуы еді.

Қалаға барғанда, үйіне керек-жарғын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, ондай шаруасына ие қылып қойған жолдасы алып сатады. Акшасын қалтасына салып, не алғанын, несі қалғанын есептеп көрген емес. Акшасы аз болса да, көп болса да атшысының қалтасында жүреді. Ақша бітті десе, кайда үстадың деп есеп алу жоқ, қайтадан ақша тауып береді. Қалада жатқанда қасаптың етін жемей, колынан малын сойғызып жеуші еді. Бір жолы қалада сойған жылқысының терісін сатқызыса, сатып алған алып-сатар Матайбай Мәмбет баласы деген жігіт мақтанамын дей айтыпты, сіздің кешегі бір жылқыныздың терісінен үш теңге пайда қылдым деп, сонда менің әкем айтып еді деп өзі айтып келуші еді: “Мен саудагер кісі емеспін, мені үялмаған арсыздың бәрі жейді” деп, мен бірдене айтайын деп едім, Айтқазы

Жексенай баласы отыр еді, “тек” деп ымдаған соң үндемей үялып қалдым деп.

Тұн болғанда әмсө біреуге ертегі айтқызып, я өзі айтып отыргыш әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын есітпеген кісіше ынтасын сала тыңдал, әбден айтып болған соң, айтушының адаскан жері болса айтып береді. Қазак ертегісінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шыгар, казактың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілесі, күнделес елдері кім екені, қарекеті не екені, елдін арманы, білімнің қандайлық кезінде шыгарғандығы көрінеді деуші еді. Жас кезінде парсы жұртының ертегілерін: Иамшіт, Қаһарман сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көрген “Мың бір тұннің” кітабын оқып, алғаш біздің елге “Мың бір тұнмен” таныстырган кісі менің әкем еді. Орыс кітабындағы Густав әмір сықылды әнгіме кітаптарды оқып елді таныстыруды, біздің ел “Мың бір тұннен” жалығып, орыс романдарына әуестеп кетті.

Жалпы гадетінде: ақылдан гөрі маҳбабатын ардактап, ақылдың сұық сыйнан кашып, көніліне билетінкіреп отыруши еді. Бірақ, құдайдың өзіне мол берген өткір сезімінің арқасында, айтпа-

сакта, не ойлап, разы яки наразы болып жүргенімізді бұлк еткізбей сезіп қоюшы еді.

Менің балам Жәбреилді әкемнің өлеріндегі науқасы басталғанында, менің шешем алып барып еді, әкем шақырды, туғалы коргені сол, жас бала шақырганда дапылдап үмтыхып еді — қаны тартып, жүрегі сезіп түр деп катты рахаттанып қалды. Мен — жок ага, нені біліп отыр дейсіз, әншайін ақымақтығынан үмтыхады гой деп едім, “сен білмейсін” деп мені тыып тастанап, аузындағы шайнаган өрігінің етін балаңын аузына салды.

Менің озімнің де бес ауыз сөзді болса да білгеніме әкемнің осындаи алыстан үміт қып куанатұғын көнілі себеп болды, әйтпесе мұнан да әрі шірік болып қалғандай едім.

1889 жылы менің 14 жасымда үлкен шешемнен туган Райхан деген апамды, найман, Серікбай баласы Құдайбергенге беріп үзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде — әкеммен екеуміз ғана үйде қалдық. Бұл жылы әкемнің белсеніп ғылым жолына кіріскең жылы еken. Артынан абайлап қарасам әкемнің әмсө үйде отыргандагы киіп отыратұғын, баяғы көйлек, басында тақиясы, оның

сыртынан тысқа шыққанда кие салатын жап етер ак елтіріден істелген көк сатиннен тысталған көк бөркі. Аңда-санда еті салқындаса жамылатұғын сары тоны бар. Таңертеңнен кешке шейін, көбінесе кітабын оқиды да ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ак қагазы, колында карандашы, күніреніп отырып өлең жазып тастайды, сол өлең жазардагы түрі: Бір құсага мінген кісідей өні қашынқырап, азырак ентіккен кісідей танауы кебінкіреп, көзі жасауранқырайды, естір-естілмestей қып күнірентенін ішінде күбірленкіреп кеп жазып кеп кеткенде көп тоқталып ойла на бермейді де, қайта сзып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге үксайды.

Бір Алданғор деген үрүны, үрлұғынды кой деп қасына көшіртіп алып, теңіне қосамын деп, әлгінік бір Мөнке деген әйел баласын асырап алған. Сол бала шайын құйып береді. Әлгі әйел балаға онашада үйретіп кояды: "Мен конактарға сейлеп-сейлеп келіп, солай ма, Мөнке дермін, сонда сен "солай де", — деп.

Кешке сөз үгар ма дегендей адамдар келіп конак болғанда қазактың ойында жок, гылымның үлгілі сөздерін сейлеп-

сөйлеп келіп: "Солай ма, Мөнке" десе, Мөнке "солай" дейді, сонда әлгі конактар: "Япырай, мына баланың үғып отырғанын карашы",— деп таңырқап калысады, кейде сөйлеп болған соң осы сезімнің жалғанын тапсаныздар, көк бәркімді берейін дейді, қонақтың қытығын тарқататұғын ойны.

Мен сол жарты айдың шамасындағы уақытта, жазған өлөндерін жаттап, айтқан сезін жалықпай тыңдалап отырсаң керек, менің соныма-ақ қатты қуанып, ырза болып, жолаушылар келгенде соларға мени: "Мынау адам болады екен, менің сезімді үтүп жалықпай тыңдады",— деп мактады.

Мен әкемнің аузынан шықкан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екемнің деп, сол жылғы бастығымыз Шаһкерім қажы болып хәқиқаты олай емес, былай деп таласып жататын санды шәкірттің катарында болдым.

Жасында ашу мен махаббатты катар қолданғандығынан, катын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан жылы махаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан жазатайым болса ашуланып кететүгін мінезінен корқып жүретүгін еді. Қай адам екі

катаңым күнде стесіп қалсын дейді, бәрі де күнде стігін жоғалтқысы келетүгін шыгар, бірақ жалпы адамның бұл тілегі кабыл бола бермейді гой, менің әкемнің жогарыдағы айтқан екі түрлі мінезінің күштілігінен шыгар, менің шешем де күнде стігін көрсете алған жок. Балала-рының ойна күнде стін баласымыз деген жаман ой кірген емес деп айта аламын.

Ұлғайған сайын әкемнің ашуы азайып жұмсақ тарта берді, бұл жұмсатуды өзі еңбек қылып тапты. Әкесі қажының қайтпайтын қатты-суық мінезін согіп отыруышы еді. Корықпак пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиылмайды, адам сүйген адамның ақылын үгүп, со-нан баһыра алады, қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды деп.

Кез алдында қандай ойын ойнап, күліп отырсақ, тиіп-қақпай еркін ерке-летіп отырады да, алдынан қашып, жа-сырынып, жаман жәутіктемен ойнагымыз келгенін көрсе, қатты ренжіп ұрсып, былайша айтып сөгуші еді. “Адамга көбінесе үш алуан адамнан мінез жұгады, ата, ана, ұстаз, құрбысы-нан, солардың ішінде қайсысын сүйсе, содан мол алады. Сендердің менен жақсы көріп барғыларың келіп отырган жақсы құрбыларың қайсы?”— деп, он-

дай орыннан әйел бала есебінде тыю салып, көргаштап өсіргісі келеді.

Көз алдында істеген іске кеңдігінің белгісі: бір жылы Семейде жатканымызда Кәкітай деген немере ағамыз азырак сауда қылышы еді. Государственный банкіден кредит ашып, бізді гостиницага шакырып, той сымал істеді. Гостиницага барған сон әрине гибадатқа бола бармаймыз, ішүге бола баратынымыз белгілі, әкеме айттым барайын ба деп, бар деп рұхсат берді, бұрын арак, сыра ішетінімізді жасырып жүретінбіз. Экeden рұхсат алып барған сон, жас адам, көп дұдын ішінде артығырақ ішіп алыппын, тұнде пәтерге келсек, әкем төсекке жаткан жок еken, тосекті салғызып, тыска шықканда, әлі де болса ішкенімді әкемнен жасырмакшымын. Жүрегімді сыра көтеріп бара жаткан сон, онаша жерге келіп, құсып жібергенімде, алдыңғы жагындағы бұрышта әкем түзге отырып, мен алакөленкеде абыламаппын, сонда әкем тұра келіп: “Сыра антүрган жүректі көтергіш келеді, әбден құсып таста”, — деді.

Сонан сон өзімен бірге Бекбай Байыс баласы деген қалага сауда қылатұғын өзіміздің бір дос адамымыз қонаққа шакырып, жақсы арақтар әкеліп қойған

соң, мен ішпейтүгүн едім деп кашқансып едім, әкем, жок, іш, бірак ақылынан адасып қалмасаң болады деп өзі де ішті, маган да ішкізді. Анияр Молдабай баласы деген государ банкісінің переводчигі, Омарбек Оспан баласы деген уездің переводчигі, мен үшеуміз екі бөтелке ішкенде Анияр жығылып қалды, әкем жеке өзі бір бөтелкені алып ішті де кеперіне еш нәрсе алмастан жай отырды.

Бір ғадаты жақсы атка, қыран күска күмар еді, өзі 2—3 жыл салтанатын келістіріп күсбегілерін, мергендерін сайлап күс салыпты. Балаларының әр кайсысына күс салғызды, бірак үзак уақыт күсшы болғанымыз жок. Біреудікін алып, біреуге сапырып отырады. 250 шамалы күс колыма келіп кеткен шыгар. “Тулактың шолагындай” күс көргенім жок деп айтып отыруши еді. Сол кісінің осындағы сапырғыш мінезі біздің елге жұғып, біздің ел бірінікін бірі алып сапырылып жатқыш. Өз атымды өзім мінемін, өз күсымды өзім саламын деп, ат пенен күс секілді асылы бар кісі кептал сеніп отыра алмаушы еді. Ендігі тарылып бара жатқан заманын қалай ауысарын кім біледі. Біздің шыңғыстан басқа тобыкты

шыңғыстай емес, әйтсе де, басқа елден ғөрі олар да бере алмай қалғанды үятсынады. Бір жылы жайлауда біреудің бір қоңыр қаска атын бес құлышы биесін беріп алды да, оған көнілі толмай, бауырга түскенде бес түйесін беріп Қуқұла деген Қаракесекте атагы шықкан атты алды. Сол секілді біреудің атына көнілі түсіп бұлдаپ алады да, тез жеріп бір болымсыз адамға бере салғыш еді.

Жасында атқа болдырмайтын жүргіш болыпты, мен есімді білген кезде алысырак жерге арба жегіп, 30—40 шақырымдық жерге салт атпен журуші еді. Жасында жылкы бағып отарға шығыпты, мен білгенде жалпы қазактың байларынша ертелі-кешті малын аралап, жерін шалып, мал үшін атқа мінбеуші еді. Көбінесе үйде отыргандықтан ба, я жанын күтемін дегендіктен бе, ертерек еріншектік, кәрілік иектеді ме, әйтеуір жалпы халықтан көп ерте аттан түсіп шау тартыпты.

Үлкен үйдегі келінін алып, үлкен үйге кірген сон өзге үйіне окта-текте келетін болып, дәүлеті мол жерде, ел ортасында үлкен үйде отыратын болды. Қысты құні бұрынғы бай-бәйбішесінің ауылымен екі арасы 45 шақырым, біздің ауылымызға 70 шақырым болды. Бұл

екі ауылдағы бала-шагасын сағынып жазғы жайлауга бәрін бірге жайлаташып алыш жүргісі келеді.

Менің жоғарыдағы ашуын өзі енбек қылып азайтты деп ойлаган себептерімнің бірі 97 жылы мамыр айының басында үлкен ауылға келсем әкем үранқай үйінде еken. Әмсө жазғытұрым ыстық басталғанша, күзгі салқын бастала бергенде үлкен ақ үйін қонаққа, басқа ас-суға босатып, өзі үранқай дейтұтын төрт қанат кішірек үйге кіріп ақ жапаны жигізып алыш, көп үзбей от жаккызып, жер тесегінің алдынан қалып постел төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, кейлекінің сыртынан айналасына қара құлдының жаргасын ұстакан сары тонын жамызып отыр еken, алдында казан асып, астына жапа қалап от жагып қойыпты. Үйдің сол жагында кішірек қара саба емізіктеп түр, казанның есік жагында самауыры Қайнап, жапаның шоғында бырк-бырк Қайнап шәйнек түр.

Мен сәлем беріп кіріп келгенде, сәлемінді алар-алмастан: “Сыртка шығасындар ма”, — деді. Мен: “Аға-ау, біздің түйеміз сыймайды гой”, — дедім. Мен түие жинап берейін, сыртка шығындар”, — деді. Сол үйде отырган Оразалы деген балалау жігітті Есіркеп

деген сыйбайласы ауылга жіберді, үш түйесін берсін, біздің кіші ауыл артып жайлауға шығады, түйесін ақсатпай, жауратпай бергіземін деді. Ол Есіркеп біздің Ұрғызбайдың төрт баласының ішіндегі ең азы, нашары Жортар деген кенжесі болады. Есіркеп сол Жортардың Арқат деген құлышының баласы, Есіркепке орташа мал біткен адам, Жортардың балаларының ішіп-жегенінен кашып 2—3 жылдан бері әкемді паналап отыруши еді. Оразалыға түйем жоқ деп, түйе бермей жіберіпті. Сонда менің әкем, азырак үндемей отырыңқырап, аздан соң басын қотеріп құлімсіреген шыраймен айттыпты: құдая, бергеніңе тәуба, мен мұсылман екенмін. Егер осы Есіркеп Тәкежанның қасында отырып, Тәкежан осы менше түйе сұратып жіберсе, түйем жоқ деп түйесін бермей жібере алmas еді. Бұл түйе бермегеніме Абай ашуланып ештене етпейді деп менің жұмсақ мінезімे сеніп бермей отыр деп қуанып қалды.

Ұры сүйегіш адамға ризалығы жоқ еді. Бір күні үйде отырганда найман Кәріпжан қажы келіп түр деп тыстан біреу келген соң әкем мәсісін, шалбар, бешпетін киіп, көрпе салғызып, үйге кіргіздірді.

"Е! Қажы, негып жүрсіз?" — деп сұраганда, "7—8 жылқы алғызып, соны күн келіп қалып едім" — деді. Менің әкем: "Ай, қажы-ай, 7—8 жылқыны өзің күн келгенін не қылғаның, бір бала — шаганы жіберсекіз де то-бықтының үрысы әкелген болса, алып бермеуші ме едім", — деп ренжігенде, Қарілжан қажы: "Бір ашумен шығып кетіп едім", — деп үялып калды.

Қасында 5—6 кісімен Қарілжан қажы түстеніп отырғанда, қасына Смағұл Шодыр баласы деген үрыны ертіп Тәнірберді дейтуғын ағасы келді. Менің әкем: "Сіз негып жүрсіз?", — деп Тәнірбердіден сұраганда, Тәнірберді: "Мына Смағұлды пәленшемен даулы жұмысы туралы Оспан саған билікке жіберіп еді, мынаны ертіп келдім", — деп еді, менің әкем: "Сіз атшабар болып па едіңіз?", — деді. Менің әкем ағасының үрыны сүйеп ертіп келгеніне катты ренжіп айтты. Әкемнің бүл сөзіне ағасы өкпелеп қалып, артынан Оспанның аулына бастарын костырып татуластырмақшы болған жиылдысина мен де еріп бардым.

Менің әкемнің топта билікке тартысып, якнә айтысып, сөзін сарка сөйлеп суырылып отырганын көргемін жок.

Байлаулы жерінен қысқаша түйрем сөзді ақырын айтса — тоқтаса қалушы еді.

Менің әкемнен баска разы іздел жүгінетүгын адамды көргенім жок. Жалпы өзіміздің елдің жақсысын абайласам, алдына келген даудан мүмкін қадарлы өзінің досына пайдалы жағынан қапы қалдырмай билік айтады. Менің әкеме жауының іздел жүгінгіші аз да болса салмағын досына сала айтатүгын секілді еді.

Жалпы ұрылар айтады: “Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сезіміздің арқасында калады” деп.

Менің әкемнің ұрыдан алатүгын парасы — шын сезі еді. Мыңжасар Қобылан баласы деген атасынан бері карай неше шабылып, айдалса да ұрлығын тастамаған бір кәрі ұры айтады: “Жас кезімде Абайдың сұраган малының шынын айтып шыншыл атанып, абұйырлы ұры болып жүргенімде құдай атып бір өтірік айтқаным. Каракесек жағынан бір топ жылқы алдық та, осы малды кімге болса да айтпалық десіп, жолдастарымыздың бәрі түгел төбеге тас койып анттасқанбыз. Жоқшы келген сон, Абай мені шақыртып алып сұрады,

айтпай танғаным. Қыстын сұық күнінде сұық су құйып қинаса да айтпай тістеніп отырғанымда, ей, әкеннің аузын... не оттап отырсын, пәленше жолдасын әлдеқашан айткан, пәленін пәленге, түгленін түгленге тартып-сындар деп коя бергені. Сөйтсем, ана иттер айтып койған екен. Менін ит болып, қайтып айтқаныма сенбейтін қып алғаным”,— деп.

Қалага барғанда, мен білгенде, үш адамның үйінде жатты. Қабыл деген шала казак. Сүлеймен деген ногай. Мәуті деген қазактың үйінде, бұл үшеуінің де қатындары пысық, асты тәтті қып пісіре билетүгін ауқаты нашар адамдар еді.

Байдың үйіне ақы берсе жатпайды. “Ой, тәнірі-ай, расхотымды көтереді екен деп байдың қабагын тұрып, андал басып, абайлап сөйлеп, күшік күйеу сықылданып жатармын ба”,— деуші еді.

Магаш деген жақсы көретүгін баласы қыстай ауру, қыс жұт, кардың кеткеніне қарамай, Еркежанды ертіп Үраңқайы мен Магаштың аулына келіп отырды.

Өскенбай бидің Таңшоллан деген келін алған қатынның шын аты Тілеуберді, жалған аты Шыбар деген

баласы болған. Шыбар менің әкемнің асықты бірге ойнап өскен тату туысқаны еді. Шыбардың дәулеті нашар болды да, өзі өліп, артында үш баласы қалды, соның ортанышы баласы Қанағат деген менімен күрбы баласы, қолынан келсе үрлұқ қылғандай, ағайынға қадірі жоқ, жас жігіт еді. Сол Қанағат, сол жылы бұрынғы әкесі алып берген қатынын кемсініп, біреудің қызын алып қашқан соң ағасы жазғырып, қолындағы барлық малын қыздың әкесіне сыпырып алып берген. Ағайынына тентек болып, малдан айырылып қалған Қанағат сорлыға жоқшылық құнін көріп шықпақ та қын болып, біреудің арық атын сұрап мініп калаға барып, азырак астық алып, иттеніп, біздің төмөнгі ауылға жеткізіп, сабыр да жүре алмай, Магаштың көнілін сұрамакшы болып, біздің ауылға келді. Өзі жалпы туысқанынан сөгіс естіп жасып қалған сорлы, Магашқа да корғалап әрен сәлем беріп жүрген, сұрағанымызда әрен айтты.

Кораның сыртында киіз үймен отырган менің әкеме де сәлем бере кетпекші болып барса, сен қайдан жүрсін десе, Қанағат жүрген жайын, аты болдырганын, әншейін жай-күйдің ретінде айтса, менің әкем — ой, байғұс-ай!

Атың болдырып келе ме? Олай болса менің қара атымды жегіп, астығынды жеткізіп ала қой деп қыстай сұлышап отырган атын Қанагатка жібергенін естіп Магаш: “Ой, сенің әкене кайткен адам үқсай алады?! Қанагат деген кім? Құрбысы, сыйласы емес. Оған болыспак, мархамат қылмақ, сен, мен, Кәкітай сықылдылардің емес пе? Қанагатка астындағы атын қосып беріп отырган әкеге мен үқсай алмаймын”, — деді, әкесінің жомарттығына сүйсініп. Осы сықылды мінезі толып жатыр.

Менің жас күнімде, Кавказдагы атақты батыр Таштемірдің баласы, касында екі жолдасы бар, қыстап жатып жаз шыққан соң үшеуі үш ат мініп кетті. Ол Таштемірдің баласы екенін жасырып жүреді еken. Бір күні бір сөзден біздің ауылдың бір жігітіне ашуланып, алғі жігітті елтіремін деп қуғанда; “Сені елтірмесем Таштемірден тумайын”, — деп аузынан шығып кетіпті, сонан кейін Таштемірдің баласы екенін білген.

Жыл сайын бірден, екіден Үркіттен қашқан Кавказдың адамдары келіп, кейде қыстап, кейде бір-екі ай жатып, кісі басы ат мініп кетеді, көбінесе оларды менің әкем Қояндыга барушыларға қосып береді.

Олар аргы Көкшетау жақтан келген саудагерлерге косып береді. Осы секілді тасыманмен кетуші еді. Осындай ат мініп кеткен адамдар 15 шамалы бар шыгар. Осылар секілді қашып келе жаткан мұсылманга ат беріп жіберетүғын әдет үлкен қажыда да көп болса керек.

Мен жоғарыда жазғанымда айтқамын: әкесінің мінезін баласы жазбак қолайсыз деп, сондагы менің ойыма келгені баласының көңліне әкесінің жаксы қылықтары гана түсіп, жаман мінезі түспейтін сықылды.

Мен қандайлық әділ көзben қарап жазайын десем де: жасында кәрлі еді, жанын күткіш, ертерек шау тартып еріншегірек тартты десем, басқа мін таба алмадым; мұным әкемді мақтаймын дегенім емес, бар білгенім — сезгенім осы-ак.

Енді Долгополовтың менің әкеме айтқан сынын жазайын. Бұл Долгополов бірінші ме, я екінші ме, государственный думаға Одесса қаласынан депутат болып сайланған адам. Докторлыққа экзамен беріп жаткан жерінде саяси айбы болып айдалып, Семейге айда-лып келген жерінде, менің әкеммен таныс болып, бір жаз — 85 жылы жаздай

біздің ауылда болған. Бір күні менің әкем сөйлесіп отырып, менің балаларымды сынашы депті. Сонда Долгополовтың айтканы: "Сенің балаларыңның адамға карасы тұзу, зерек, жақсы балалар. Бірақ сенің мына сән-салтана-тынды, дәulet-дәуренінді көріп отырып жақсы бала бола алмайды (Әкемнің жазды өлең қылғандагы ауылы осы Долгополовтың біздің ауылды жайлапандагы өзінің ауылы еді). Гылымға ет ауыртып еңбек қылмаса колға түспейді. Сенің балаларың оншалық етін ауыртып, еңбек қып не қылсын. Енбексіз-ак өзі хан, өзі би. Сенің ауылыңың төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады", — депті.

Содан соң: "Өзімді сынашы", — депті менің әкем. Сондағы Долгополовтың айтқан сыны: "Сенің басың алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың жаман. Таңертең төсектен тұрасың, біреу әкеліп киімдерінді киіндіреді, арқана шапанынды жабады, есікті ашып тыска шығарады, қайтып келген соң тағы да есікті ашып үйге енгізіп, алдыңа шылапшынды әкеліп, құманмен суды қолына құяды. Ас келсе шайынды қойып береді, етінді жапырактап береді. Үйшіктамак болсан, төсегінді салып,

өзінді біреу шешіндіріп жатқызып, шақшанды бір жағына, мұрын орамалынды бір жағына тығып, үстіңе көрпенді жауып салады. Өзін-өзін үшін не қыласын? Әрнешік үйықтап көресін", — депті. Осы Долгополовтың аз гана сөзі менің әкемнің бір қатар әдетін, салтын көрсетер деп жаздым.

13 жасынан жұмысқа жүргізіпті. Қажының өзінің қыздай алған бәйбішесі Күнке шешеміз Қажыдан бірнеше жас үлкен еken. Қажыны қутуге қолайсыз, жасы жетіп қалған адам болғандығынан келін алған катыны біздің шешеміз Үлжанның колына шығыпты. Үлжаннан баска Айғыз деген Халиолла мен Смагұлдың шешесі бар. Бұл екі бәйбішесі бір болыпты. Күнкеден туган жалғыз баласы Күдайберді деген ағамыз: шешемді тастап кетті деп, қажыга кектеніп, айтқалына көнбей шалыс болған еken. Әкеммен бірге туган агасы Тәнірберді Өскенбай бидің кейін алған катынының колында есіпті. Колындағы баласы да менің әкем, қолайлышы да сол болған шығар. Сол он үш жасынан былай қарай қажының жауын жаулап, бірде женіліп, бірде женіп, ағайындарымен бірде қосылып, бірде ашылып келіп жиырма жеті жа-

сында біздің елдің бұғылы жақ шетіндегі Оразбай Ақкұлы баласының ауылындағы сайлауда қасында тұған-туысқанынан адам жоқ, жалғыз барып елді жеңіп алғып, інісі Ысқакты болыстыққа сайлап қайтыпты. Оразбай Ақкұлы баласы сықылды бір сыпыра шын сенген жолдастары болған. Бұларды қажы: “Адал дос болмайды, алдамшы” деп жек көреді еken. Оған менің әкем көнбей, өзі заманында тапкан достарына алаңсыз сеніп жүре берілті. Қажынын катты айтып ұрысқан жерлері де болса керек. Осы ретімен жік салмай, Ысқакты үш рет болыстыққа сайлатыпты. Ысқакты соңғы болыстыққа сайлатардың алдында бір күні Ысқактың ауылына елдің бір жиылдыс тобына менің әкем келсе Ысқақ төсектен тұрган жоқ, түске шейін отырган елдің аксакалдары жалағып тарқап бара жатыр еken. Сонда менің әкем Ысқакты шақырып алғып айттыпты: “Сонау Оразбайдың не ойлап бара жатқанын білдін бе?”— деп. Ысқақ айттыпты: “Жоқ”,— деп. “Ендеши, сені келесі сайлауда боғымды болыс сайлаймын деп бара-ды”,— депті. Біздің қажы баласының елді билегені-ай дейтуғын дәурені осы ысқактың болыс болып откерген тоғыз

жылы. Қажы баласы атанған жандар елді билеу үшін елге жағынып, елдің ықыласын алу керек дегенді ұмытып, тек Абайға жаксақ болады дегенді көздеген көрінеді. Ысқақтың да, ысқақтың бәйбішесінің де елді ел, жұртты жұрт демей елдің малын өз ма-лындай қолы билеп, костан шыққан жылқыдан қолымен үстательп алып, бәйбішесінің де сойған соғымын, байы съезге шыққанда бәйбішесі ере шығып, үй тіккізіп, салтанат құрып шыгарған дүкертін, ысқақтың ашуы келсе, үлкен-кіші, жақсы-жаман демей бас салып үрысып айтқанда, ертегі секілді, дәл бактың өзі конған байдың ауылы, катыны, баласы таңырқаушы еді.

Кенже інісі — Оспан, сырты аусар, анғал, конілі сүйген кісіге көл болып төге салатын, көнілі сүймеген адамды үйінен сүйреп тастайтуғын адам болса керек. Бірак анығында: Абайдың сонғы акылдасы, сырты аусар болып отырып, іші есепдал, күлдіктे бір келешек пайдасын көздел, я болмаса жұртты дәмелендірейін деп істейтін болса керек. Ақыл тоқтатып анық жобалы жолына түспей келе жатқан жаста, әр адам әртүрлі жорып адасса керек.

Жоғарыдағы айтып кеткен Құдай-берді ағамызбен, әкеме көнбедін,

күндеңстік ойладың деп жасында менің әкем де араз болып келіп, өлерінің алдында екі — үш жыл бұрын татуласкан екен. Осы екі — үш жылда бұрынғы араздық жоғалып, катты, қызықты туысқан болыпты.

Әкем айтып отыруши еді: “Қайғы жас жүрекке катты батады екен, Бәкемнің өліміндегі катты батқан өлім көрмедім”, — деп (Құдайбердіні Әкем деуші еді). Магауияның өлгендегісін өлшеп айтқан жок, бұрынғы Оспан мен Габдлрахимның өлімін өлшеп айттып еді. Ыскактың үш сайлауынан кейін, Бәкемнің орнына беремін деп, жиырмадан жана асқан Шаһкерім қажыны болыстықка сайлатыпты. Шаһкерім қажы болыс болған сон, астыртын ел құрап, әркімнен анттасыпты. Келесі сайлауда Оспанды сайламак болған екен, оған ел де, Шаһкерім қажы да карсы болып, барлық адап деп, әкесі үлкен қажының айтқанына бұрылмай, сеніп жүрген достары, құдасы бұзылып, Құнту дегенді болыс сайлаган жерде бір-ақ біліпті. Ел бұзылып, сені алдап жүр, — деп ыскак келіп айтса, Ербол деген бір досын шакырып сұрапты. Ол: “Жоқ, Абай, ыскак бекер айтады”, — десе, сеніп отыра беріпті, өзі азырак сыркат екен.

Осы сайлау 1884 жылы болғанда, содан кейін достан, елден тұніліп, соққы жегендіктен, осы өлеңдерді айткан секілді:

“Картайдық, қайғы ойладық, үйкы сергек”,

“Картайдық, қайғы ойладың, үлгайды арман”.

“Қыран бүркіт не алмайды салса баптап”,

“Қалың елім-қазагым, кайран жұртый”,

“Байлар жүр жиган малың коргалатып”.

“Конлім қайтты достан да, дүшпаннан да”.

“Адасқанның алды жөн, арты соклак”.

“Сабырсыз, арсыз, еріншекті”,—

жазып болып оқығанда, қасында атын ерттеп жүретін жолдасы Қарасақау деген, шын аты Құсайын Қиқымбай баласы деген көкше, табы Балтай, сол айтыпты: “Көжекбай қалды гой”,— деп.

Бұл Көжекбай — мамай ішінде еламан табынан. Көжекбайдың әкесі Жамантай үлкен қажыға өкіл ата болып,

біздің Үлжан шешемізді өкіл қыз еткен екен.

Жамантайды жерге таласып, туысқандары өлтіргенде, қажы құнын келістіріп алып беріп, әкеден жас қалған Көжекбай, Тезекбай, Мақыш деген үш баласын өз балаларындағы көріп еркелетіп, канаттыға қактырмай өсірген екен. Үлжанның төрт баласының біріндей болып өсіп, алмағаны да, бермегені де болмаған жандар. Сол біздің ел бұзылғанда, женген жақты жақтастын мінезбен қажы балаларының жау жағына шығып, болыс болған Құнтумен құда болған.

Біздің жау ағайыннымыз жігіттік табындағы Базаралы деген кісі бізден кетіп өздеріне еріп жүргендеге, былайша айтып Көжекбайды бокталты. “Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық секілді ененді үрайын”, — деп.

Бір топта өзіне соктыға бергенде, Байкөкше ақын айтылты:

— Кеккөжектің осы сез расы ма,  
Кек тымақ әжесінің мұрасы ма.

(ескі тозған кек тымагы бар білем Көжекбайдын)

Айнадагы бөледей елеңдейді,  
Сайтанның аласы ма, баласы ма,—

деп. Тегі күбылма адам екені рас-ау деймін.

“Бөтен елде бар болса, ежеттесін, сыйласың, басына жұмыс түскен күн, жақсылықты бұрынғы не қылыш ойласын”— деген өлеңді сол Көжекке арнаңқырап бастап, артын жас, жалпы елдің мінезіне аударып кетіпті.

Менің әкемнің көбінесе ағайын — туыскандарын жамандап сөгіп айта беретүгіны өзінің Үргызбай деген табының елден ерекше нашарлығынан болған секілді.

Үргызбай би болмаса да, Кенгіrbай биге қадірлі, ажары болды, сөзі сыйлы адам болыпты. Кенгіrbайдың тілін білетүгін інісі болған соң, елге де қадірлі болыпты. Бір байын кісі өлтірген қатын байына жәнді қүн ала алмай қалғанда мынадай деп дауыс айтыпты:

— Мойны-басы былқылдал,  
Үргызбай жүрді арага,  
Кенгіrbай толды парага,  
Парага алған сары атан,  
Тіглігей еді қараңа,—

деп, Үргызбай Кенгіrbаймен сырласып, татулығынан Кенгіrbайға келген жақсы ат, жаман атқа ортақ болған секілді.

Кенгіrbайдың Өскенбайға батасын бермегіне Үргызбаймен татулығы себеп

болған шыгар. Кенгірбай, Үргызбай алғенде бейітінен шықпай: “Сен ак көніл, алланың арыстаны едін гой, алла тілегінді берер, мені енді мына елдің ішінде алжытпай қасына алладан тілеп ал”;— депті деседі. Соңан кейін кешікпей Кенгірбай би де әліпті. Сол Үргызбайдан бастап, Өскенбай, Құнанбай, менің әкем тәртеуі де елден ерекше бакытты, қадірлі адамдар болғандығынан үрпактарының бәрі дүниенің талқысын көрмей қаленкеде есken көк шыбық болып; біреу білер жер келсе жөндеп сезін айтарты кем, жогарыдағылардың бағына мас болып, сездері, істері соракы келеді.

Бір Бакаш деген Үргызбайдың ауқатты адамы сөйлемп отырғанда, тіпті түске жуық келерлік болмай, сөзі соракы болып шықкан сон, тыңдаушылар: “Бакаш-ай, мына сөзің қисынбай кетті гой”,— десе: “Менің Үргызбайлығым шыгар,”— депті. Бакашка, Үргызбайга келенсіздің келенсізі үлгі болмаса керек.

“Үргызбайдың жаксысы ерекше жаксы болады да, жаманы баксы болып екіаралық алым — берімі болмайды” деп ел күлкі қылады екен.

“Болыс болдым мінекей” деген өленді Мұқыр деген елге өзінің құрдасы, нашар атаның ұлы Күлембай деген кісі

дәүлетінің арқасында болыс болып 1888 жылғы Бақанас деген өзендеңі чрезвычайный съездегі түрін көріп айтқаны:

— Уагалейкум сәлем, болыс, мал-жаныңыз аман ба,  
Мынадайға кез болың аума-төкпе заманда,  
Болыс болып қалдың-ау кешеп бір алана,—

деген өлеңді де соған арнап айткан.

“Патша құдай сыйындым” деген өлең мен “Жасымдағылым бар деп ес-кермедім” деген өлеңдерді Габдылрахим деген баласын Түмендеңі реальный училищеге, Мағауияны бір Күлбадан деген әйел баласымен Семейдегі городскойге оқытып жүргенде айткан.

“Интернатта оқып жүр талай казақ баласы” деген өлеңді сол кезде айтса керек.

“Сәулен болса кеуденде” деген өлеңді де 84-жылы менен 87-ші жылдың арасындағы жылдарда айтылған өлең.

“Жаздың күні шілде болғанда” деген өлеңді 86 жылы Бақанас деген өзеннің төменгі жағындағы керей жері Көкбейіт деген коныска өзінің ауылы конып жатқандагысын көріп айткан екен.

“Караша, желді тоқсан, сол бір екі ай” деген өлеңді өзінің Тәнірберді деген ағасының ауылында, ағасы мен жеңгесінің Дінісләм деген немересін та-

магынды үйде отырып іш деп аңдып отырғанын, оның күрбайларымен бірігіп ішкісі келіп отырғанын көріп айтқан.

“Ақ киімді, денелі, ақ сакалды” деп қысты өлең қылғаны сол 84-жылы қысқатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің бесінде кеткен, сонда айтыпты.

“Масқұт” деген өлеңді 1887 жылы шығарып еді. 1881—82 жылдарда құс салған екен, сол жылдарда қансонарды айтыпты.

1. “Мәз болады болысын”.
2. “Біреуден біреу артылса”.
3. “Білімдіден шыққан сез”.
4. “Бай сейілді”.
5. “Ем таба алмай”.
6. “Замана акыр жастары”.
7. “Қайғы шығар ілімнен”.
8. “Аш қарын жұбана ма майлыш ас жемей”.
9. “Үяламын дегені көніл үшін”.
10. “Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол”.
11. “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”.
12. “Келдік талай жерге енді”.
13. “Өзгеге көнілім тоярсын”.
14. “Әуелде бір сұық мұз ақыл зерек”.
15. “Қор болды жаным”.

16. “Сен мені не етесің”.
17. “Айттым сәлем, қалам қас”.
18. “Қыстырып мактайсыз”.
19. “Көзімнің қарасы”.
20. “Жастықтың оты жалындаپ”.
21. “Сенбе жүртқа, тұрса да қанша мактап”.
22. “Көзінен басқа ойы жок”.
23. “Менсінбеуіші едім наданды”.
24. “Алыстан сермел”.
25. “Қақтаған ақ күмістей кен майдайлы”.
26. “Жазғытүрим қалмайды қыстың сызы”.
27. “Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан”.
28. “Шоқпардай кекілі бар қамыс құлак”.
29. “Жасынан түсін билеп, сын бермеген”.
30. “Кейде есер көніл құргырың”.

Барша Онегин мен Татьянага тиісті өлеңдерді 89 — жыл менен 92 — жылдың ішінде жазған.

86 — жылы Күнту Шонқа баласы болыстығынан түсіп, орнына назначениемен Шаһкерім болыс болған. Күнту соңынан ерген шеткі Олжайды ертіп Мұқырға шығып, Оразбай соңына ерген Күшікті ертіп Бұғылыға шықкан.

87 — жылы қалған Шыңғысқа Оспан деген інісі болыс болған. 89 — жылы, өкпелесіл екі жақтағы екі болысқа шығып кеткен елдер татуласып, кайтадан Шыңғыска шыққан. Ол жылы тағы да Оспан болыстықка сайланды. Араз елімен табысып, елді Оспанга тапсырып, енді бір беткей ғылым жолына шықтым деген жылдары еді. Әмсек мәжілісінде ғылым сөзінен басқа сөз жоқ, бастығымыз Шаһкерім қажы болып, шәкірт есебінде сөзін тындалап, мұсылманың медресесіндегі шәкірттерше, хақиқат олай емес, былай деп дауласып жатушы едік.

Сол үш жылдың ішінде осы айтылған алендерді де, бірсыныра алендерге әндерін де шыгарып еді.

Әсіресе, 89 — жылдың 90-ға қарайғы қысы мен, тоқсаныншы жылдың тоқсан бірінші жылға қарайғы қысында шыгарды. 91 жылы Оспан мен Оразбай жамандасып араз бола бастап, тағы да отыргызбай кетті. Басында екеуін үғыстырмакшы болып, арасына жүріп, ақыры болмай жауласқан соң, інісі Оспанның сөзін қуаттап, Оспан жаққа шығып алысып кетті.

Сол бізге үстаздық қылып отырғанда біздің жүрегімізге: мал құмар, мансап құмар адам емес деп егеді. Бұл сөздер

дәл өлеңінен де көрінер. Мысалы: “Мәз болады болысын” дегендे, “Малға достың досы жок малдан басқа” деген сықылды әр өлеңінен абылап карасаныз көрінеді. “Қайтсе женіл болады жүрт билемек” деген өленді айтқанда, ел билеген адамды мақтап отыр ма?— Боктап отыр — солары секілділері көп.

Мен сөзімнің басында айттым гой: жасында әлбетті жас болып, ёл билемекке еңсесін сала шапса да, ой кірген сон токталып қайтқан, өзінің “Өлсем, орным қара жер” деген өлеңіндегісі, дәл сол 89 жылда, мен 14 жаста едім.

Сонан былайғы әкемнің сөйлеген сөзіне, істеген ісіне қарғанымда елмен алысқандағысы өзін жаудан корғау ретінде.

Күнту болыс болып кеткен жерде: сайлауга келген Тихонов деген уезной-дың қатыны айтты, көтек деп — күлуші еді. Сол жерде уезной бұл сайлауды бұзып, кайта сайлау қылайын десе, менің әкем: жок, осы бетімен бекітініз депті. Жауласқан ел болыстықты алған бетімен тұрмай, менің әкеме, біздің елге қорлық, зорлық қыла бастапты. Өздері қалап, сайлап алған старшындарына мәр бастырып, 86 жылы менің әкемді жер аудартпақшы болған.

Сол орайда Семейге генерал — губернатор келіп, қасында бұрын уезной болып кеткен Лосовский бар. Елдің приговорына қарап, менің әкемді жер аударылсын деп резолюция салмақшы болғанда менің әкем мен екі арасында, әлгі Лосовский жүріп, әкемді генерал — губернаторға жолықтырыпты. Сейлескенде не айтқанын бізге айтқан жок. Бірақ сен заманынның басы аскан адам екенсің деді деп еді.

Сол жерде уезнойға тапсырып, Құнтуді түсіріп, қызметті Шаһкерімге тапсырмак қыпты. Біздің жау жагымыз мұндай төңкеріс болып қалғанын білмей, Абай айдалатын болды деп, елге келісімен Тәнірбердінің костап шықкан қости жылқысын алған. Сол жерде Құнту түсіп, қызмет Шаһкерімге тиіп, жылқыны алып, қырып салған ел қатты қағазға ұшырап, берекесі кетіп қалған.

Приговорға шет елдердің де қосылғандары болыпты. Жазығы болмаса да пәленшеші мұкатқан деген сөзді өздеріне абұйыр көргендер болса керек және “Дала олайаты” деген газетке менің әкемді әкесіне ас бермеді деп жамандап, Кереку жагының біреуі “Атадан бала туса игі, ата жолын куса игі” деп жазған.

**Сондайлардың мінезінен мынаны айтқан:**

— Сор қалың соққы жеген пышанамыз,  
Кайтып сұып, жалғаннан күсе аламыз.  
Күр дәрімен атканга өлмейді екен,  
Өмірі мактаншакқа пысанамыз,—

**деп, елдің жабылып мазасын алғанынан айтқан:**

— Күшікті ит бөрі ала ма жабылса да,  
Тәнрі сактар табандап тап ұрса да.  
Арсыз адам арсаңдап арсылдайды.  
Әр жерде керегеге таңылса да.

“Мәз болады болысын” деген өлеңді 90-шы жылы Семейге барон Тауба деген генерал — губернатор келіп, бірсыныра болыстар, билерге шекпен, қылыш сыйлаган; сондагы шекпен алған болыстардың қуанганнына ыза болып жазған, өзіне де қос ауыз мылтық сыйлагап еді.

Біреу “Біреуден артылса” деген өлеңді сол жылы бізге музыка үйретемін деп, Мұқа деген скрипкашыны әкеліп, әм Әсет дейтүгін ақынды да сактаған. Әсет терісі тар, ызакор, кісімсіген адам еді, соган арнап жазған.

“Білімдіден шықкан сез” деген өлеңді де осының ретінде айтып кеткен. “Ем таба алмай” деген өлеңінің артына “Жас жүрегім жанды менін” деген өлең тіркеліп кетіпті, ол өз алдына бөлек

өлен, бұл перевод болса керек еді. Пушкинің “Подвечеру” деген өленінен перевод емес пе екен. Бастап кеп тастанған ба деп ойлаймын.

“Бай сейілді” деген өленді ел билеген болыстарға наразып айтқан, “ұрысса орыс, елге болыс үде үйден үрган итке үксап” дегені үйден таяқ жеп шықкан ит тыстағы жай итпен алыса кететін әдеті болады. Үйдегі кісіге ештеме өте алмай, ашуын тыстағы иттен алып, Уезнайдан сөгіс естіген болысқа, сол ит секілді оязға ештеме ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрысады дегені.

“Мен жазбаймын өленді ермек үшін” деген өленді Шаһкерім қажының жас күнінде кәрілікті жамандап, алпыстан аспай өлейік, кәрі ит, жат деп, былшылдан шат деп айтады деп, бозбала-шылықты мактап, “Шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қыл” деген өлеңі болған. Көкбай молданың “Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты” деген өлеңі болған. Әріп деген Сыбан, өлең жазғыш жігіт: “Зияда” деген өлең жазған, қызды мактамақшы болып суреттегендеге көзі гауһар, иегі алтын деп, осы сықылды асыл тастандарды түсіне қарамай сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, құбыла

көрсетпекші болып жазып еді. Ол өленге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп өлең жазып, біздің аксақалды жамандайды, Біржанның аргын емес, керей екенін білмепті.

91 — жылы Оразбай Оспанмен аразласып жауласканда Тәнірберді деген агасы Оразбай жакқа шықкан. Былайша болмақтық себебі Тәнірбердінің сүйегі бос адам еді, ертерек картайып, билікті Әзімбай деген баласы алған. Онан жауласкан себебі, талабы бар оқымаған жас жігіт абұйырлы болмақты ел билеумен табамын деп ойладап, агаларының алақанына қарамай, өзіндік ел таппаққа ен қолайлышы агаларының жауын ел қылғаны болып көрініп, Оразбаймен құда болған. Оразбайлар ойлаган, бұларды бөлмесек болмайды, естіп құда болып бөлелік деп.

Елді менгеріп, елдің сіндет-міндетін де, жаудың азабын да жеке көтеріп алған інісі Оспан 92 — жылы өліп, Оспан аркалаган азап жеке басына түсіп калды. Сондыктан, медресе болғандай болып кейінгі өлендерді әр уақытта жазып тастай берген.

Көбінесе өленді қысты күні жазушы еді. “Бойы бұлған, сөзі жылмаң” деген

өлеңді 92-жылы, Оспан өткен жылы қыстауга конганда жазып еді. Бұл өлеңнің аяғы “Кешегі Оспан, бір бөлек жан” деген өлең.

Оспан деген кенже інісі өлген соң артында қалған баласыз үш жамагатын, ЫІскак, Тәнірберді, үшеуі алған. Үлкен үйдегі келіні Еркежанды менің әкем алып, үлкен үйге кірген. Бұл келінін алғаны — 94-ші жылы. 93 — жылы сайлауда, баяғы Оразбай мен Күнту тағы да бірі Бұғылыға, бірі Мұқырға шығып, қалған елді өзің ие болып кайырып алмасаң болмайды деп, халық аксақалдары менің әкемді болыстыққа сайлаған. Менің әкем 20 жасында Құдайберді деген ағасына кандидаттыққа бір сайланған еken, Құдайберді өлген соң араз жағы, жасы толымсыз деп көрсетіп, түсіп қалған еken. Соңан кейін қандайлық елдің сайлауын еркі біліп, билеп жүрсе де, болыстыққа сайланған емес. Екі рет, бұрын Мұқыр елі Коныр Қекше атанаپ жүргенде сол елге назначениемен болысты.

Еркежанды алған жылы волостной съезд қылуға елге шыққанда Қыздар атты бір күрдасы, олактау адам еді. Бейне бір менің әкем ішсе аска, кисе киімге жарымай жүрген адамша,

калжындаимын деп айтыпты: биыл үлкен үйге кірген соң тойып, тойыныпсын гой деп.

Сол Қыздардың калжынына ыза болып, мына өлеңді жазған, бірталай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап алып, отка салып жібереді, бір-екі рет оқығандагы жаттап алғанымыз осы-ак: "Койдан коныр, жылқыдан торы Бәкен".

Бәкен Қыздардың табы, Ілекер, Бетіkbай, Аталақ, Жанкожа — сол таптың Қыздардан бұрынғы өткен жақсылары.

Байұзак — Қыздардың ағасы, бірак бұл кезде тұғырдан түскен.

Дауылбай — қандыбалак ұры (айпар, жайпар — жегіш, жұтқыш, жалмауыз деген сөздердің мағнасында).

Шотқара — Қыздармен текстес Бәкен ішіндегі бір тап, оның Айтқожы деген епті, жұғымды адамы болған, сол сені ақмактандырып жүр дейді.

Досақ — Бәкен ішіндегі Қыздардың табы.

"Болды да партия ел іші жарылды" деген өлеңді де Қыздарға шамданғанын айтып жіберді.

"Антпенен тарқайды жиылса кенеске" деген өлеңдері де сол 94 жылы съездегі билердің мінезінен айтқан.

“Не іздейсін, көнілім, не іздейсін”  
деген өлеңді,

“Жүрегім, ойбай, соқпа енді”, деген  
өлеңді,

“Ал сенейін, сенейін” деген өлеңді,

“Жүрегім, нені сезесін” деген  
өлеңді,

“Жаксылық ұзак түрмайды” деген  
өлеңді,

“Қарашада өмір тұр” деген өлеңді,

“Жас өспірім замандаға қалды”  
деген өлеңді,—

Оспан өліп, бар бейнет басына  
мезгілсіз, ықыласы қайтып қажыған  
кезінде түсіп, досы да, тұысканы да  
бұлданған-құбылғанын көріп сол 92 жыл  
мен 93 жылдың ішінде жазған еді.

Мениң әкем өз еліне, ағайын, ту-  
ысканына арнап айткан сөздері де жал-  
пы қазаққа жағып, көкейіне қона түседі.  
Жалпы қазақтың дерті бір дерт болған  
гой, бүгін абайлап карасак, елдегі  
қазақтың дерті, оқыған азаматтарынан  
да арылмаган секілді. Қазақ азаматта-  
рының әлденеше тобында болым, талас  
шықса-ак тобымен бөлінеді. Ол баяғы  
елдегі біздің науқасымыз, қастықпен  
бөлінсе аралас болып, ата жігі көрінбес  
еді. Қастығын ұстаган тастай лактырып  
тастап, женген жакқа шығып, “Өзбек

өз ағам, сарт садагам" деген баяғы кәрі мінезін қалпы құрып ла?

Мен бұл жерде өз басынан ойлап шыгарған өлеңдерінің мына кітаптағыларын реттеп, кай мезгілде, не себепті жазылып кетті еken деген сөзге жауап орнында жаздым. Басқа переводтарының қай жылдарда жазылғаны бүрын кітабында айтылған.

Крыловтан переводтарын 94-жылы Недоров деген уездой елге келгенде, менің әкемнің Лермонтовтың өлеңдерін перевод еткенін естіп, менің әкеме айтты — сіз Крыловты перевод етсөнізші, казактың үғымына сол қолайлы, жеңіл ғой деп. Содан кейін Крыловты перевод етіп еди.

Біздің елге Ыскак Махмұдов деген ногай ертеректе саудамен келіп, казактан қыз алып, қазак тұрсына түсіп, казак сықылданып кеткен казак ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан қыз алып, қыз беріп, күршаласып құда, құшақтасқан дос, туысқан есебінде болған. Сол Ыскактың немерелері Сыдық, Хәжибулла деген екі жасы, боз балаша балалар менің әкемнің үйіне келіп отырғанда соларға арнап, "Қуанбандар жастыққа" деген өлеңді жазған.

Қымыз ішіп отыргандарға арнап,  
“Осы қымыз, қазактар, мақтаның ба,  
асың бз?” деген өлеңді жазған.

“Көнілдің күйі тагы да” деген олең  
Лермонтовтың Вдохновениені суреттегені  
болса керек еді, сойтсе де Ескендерді  
жазардың алдында жазса керек.

“Желсіз тұнде жарық ай” деген  
өлеңді 98-ші жылы жазған 88-жылы  
жазды деп бұрынғы өлеңдерді көшіріп  
жазған Мұрсейіт деген адамның кате  
жібергені болады.

Әнді өлең қып суреттемегінің себебі:  
мен де жасымда ақын шығармын деп  
аз-маз жазып жүргенімде, енді өлең қып  
құрайыншы деп едім, қисынын келтіре  
алмадым. Соңан соң әкеме айттым: осы  
әнді өлең етіп суреттенізші деп, соңан  
соң айтып еді, соган жалғас күйді су-  
реттеп осы өлеңді жазды:

“Құлақтан кіріп, бойды алар жақсы  
ән мен тәтті күй”.

“Сағат” деген өлеңді біздің өлең  
қыламыз деп қыбыжықтап жүргенімізді  
естіп жазды.

“Алла деген сөз женіп, аллага ауыз  
жол емес” деген өлеңді, “Өлсे өлер та-  
бигат, адам өлмес, ол бірак қайтіп келіп  
ойнап — күлмес” деген өлеңді.

“Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Еш уақыт рас сөз жалған болмас”

деген өлеңді өзінің кара сөзбен тасдик  
деп жазған сөзіне қарай өлең қылған.

“Куаты оттай бүркырап, уәзіне  
өлшеп тізілген” деген өлеңді, “Адамның  
кейбір кездері” деген өлеңді өзі ойла-  
нып вдохновениені суреттеп айтқаны.

“Күнді уақыт қызартып көк жиектен  
асырса,

Көленке басын үзартып, алысты  
көзден жасырса” деген өлеңді сүйген,  
сенген достарынан сокқы жеп, жер  
согып алданғанынан айтқаны.

“Сүм дүние тонап жатыр ісін бар  
ма” дегенді, “Есінде бар ма жас күнің”  
деген өзінің картайып бара  
жатқандығын айткан.

“Өлсем, орным қара жер сыз болмай  
ма” деген өлеңді қала ескенін, қандай  
тәлім алғанмын, қандай халықтың орта-  
сында болған, ой кірген соң не  
қылған?— соларын қыскаша айтып,  
биография есебінде жазған.

“Ескендердің” жазғанда жұрт  
мақтаған Ескендер жақсы кісі емес,  
жалпы қаһармандықтың жолы емес осы  
деп жамандаған.

\* \* \*

Менің әкемнің ашуын өзі енбек қып азайтып еді дегеніме бір себеп төмендегі сөз:

Біздің казақ сорлы мансапка таласпай жүре ме? 1898 жылы сайлау болғанда, бұрынғы Мұқыр атанған елдің сайлауына менің әкем барған. Оразбай байдың дәuletі асып, дәуірі тобықты ішінде жүріп, Оспан мен екеуінің араздығы Оспан өлген соң менің әкемнің басында қалған. Оразбай мен әкемнің араздығы тобықтыны ені болып, үлкен съездерде бір уезге қараған қазакқа жетіп, бір уез елдің адамдары екі жар болатұғын, Мұқыр болысының ішіндегі менің әкемнің тілеулестері, сіз бармасаңыз болмайды, Оразбай қалаган кісісін сайлатып алып, басымызға пәле жауғызады деп, жалынып-жалпайып апарған. Ақылы кезінде, елдігі де, жаулығы да қас пен көздің арасында тұратұғын сорлы қазак, менің әкемді көрген сон, әкемнің досы жакқа қарай ауыса бастаса керек. Бастығы Оразбай, жолдастарымен осының өзіне кол тигізіп бір таңба салмасақ, ел ескі әдетімен ауа береді десіп, бірнеше адамдарды сайлап шыгарып, уезнойдың касында

әңгімелесіп отырған Абайға қолдарынды тигізіп, жанжал шығарындар деп жіберген.

Халықтың бұл секілді ниетінен хабарсыз отырған әкеме, бірнеше татымсыз адамдар келіп, жанжал шығарған жерде, бұлардың бұл ақылының ішінде болған бір адам, аналардың қолы Абайға тиғенше, маган тисін деп, аналар үмтүлышп камшысын сілтей бергенде, әкемнің үстіне жығылыпты. Жүртттың таяғы оған тиіп, әкеме таңба түспей қалыпты, бұл кісі Солының інісі Аппас, бірақ таяқ тиді не тимеді не, әйтеуір Абайды үрдых деген атын көтеріп мұратына жетті.

Осы іс туралы ағайын, туганы, балалары, ел-жұрты, дос-жары жиылып, біз де пәлен етеміз, түген етеміз, өлтіреміз, бітім жок дескенде менің әкем айтты: барша жамандықтан жамандық туады, жаксылық тумайды, мен жасымда, карғаганымды жер қыламын, алғанымды зор қыламын деп, ашуға да, айлаға да шырак жағып түнегендей болғамын, дүшпанын женбекте жолы болған адамның бірімін. Мен алғаш атқа мінгенде, жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тен, жай келсе артықпаз деп жүрген ел еді. Солардың қанша

Жәндәрүнің айдалып, байлануына, бірінің артынан бірі барамын деп шұбап жүріп бейнетке, казага ұшырауына себеп болған шығармын, рас өздерінің үрлік, зорлығынан да болған шығар, бірак, менің қатты зерлеп сонына түскенімнен де болды.

Сол жігітек деген ел қандайлық елдіктен кетіп, кедей болып, торгайдай тозды десен де, бұғін астында жатса да аяғымды тістеуге жарады.

Бұл — жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліндер. Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ деген сөз дұрыс емес, мен енді бұл бітімсіздікті қостауға жайым жоқ. Жөні келсе, мен бітімнің кісісімін,— деп елді тоқтатты.

98-ден 99-га қарайтын қысында Оразбай Мекеге жүрерде бітелік, ризаласалық деп кісі салған сон, әкем жарайды деп, алған-берген еш нәрсе жоқ. Семейде еді, Жақия қажының үйінде бас қосып, Мекеге жүрмекші Оразбайға ризалығын берді. Артынан елге барған сон Медеу деген Оразбайдың баласы, жанжалдагы елдің бағы адамдарын жол жобасымен әкемнің алдына алып келіп бітім болды. Абай алған жол-жобасы үшін бітім қылды деп ешбір Тобықты айта алmas.

99-шы жылды областной землемер, болыс, болыстың арасына меже салып үран жүргізгенде, бұрынғы Мұқыр болысындағы жігітек бокенші деген екі тап ет әкемен ежелгі жау болып келе жатқан. Екінші 98-жылғы жанжалдың иесі агайыны, гран бойынша еріксіз біздің Шыңғыс елінің хатына кіріп қалды. Бұлар ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған кісінің күйінде болды. Жок, әкем сол араз агайынның бар басты адамдарын, аксақал қара сақалын шақырып алып: қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген, енді жаулықты ұмыталақ, мен жаулық қылады еken деменіздер деп шын жүрегін көрсетіп, койнын ашып жіберіп еді, олар да бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты.

Содан кейін төрт жыл өтіп, бесінші жылдың басында менің әкем дүниеден кайтып, артына мен қалғанда, әкемнің аруағын сыйлап, шын достығын көрсеткен ел, осы араз агайыны болды.

Оразбай секілді әкемнің жаулары мені бейшара жетім ғой, енді бұған тиіп не қыламыз деген жок. Қандай жаулығы қылса да, сол достарының арқасында жалғыздық көргенім жок.

## **МАЗМУНЫ**

**ЕСТЕЛІК ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ . . . 3  
ӘКЕМ АБАЙ ТУРАЛЫ . . . . . 6**

**Учебное издание**

**Турагул Күшнебаев**

## **ВОСПОМИНАНИЕ ОБ ОТЦЕ**

*(на казахском языке)*

**Көркемдеуші редакторы С. Алиев  
Техникалық редакторы О. Рысалиева**

**ИБ № 186**

Теруге 10.08.93 жыберлді. Басуға 5.11.93 қол қойылды. Пиши: 70 × 90 1/32  
Баспаханалық қағаз. Әріп түрі „Тип Тайч“ . Офсеттік басылыш. Шартты баспа  
тағабы 2.03 Шартты бөвүлі беттанбасы 4.25. Есептік баспа табагы 1.37.  
Таралымы 34000 дана. Тапсырыс № 1535. Багасы келісім бойынша.  
Казакстан Республикасы Баспасөз жөнө бұқаралық әкпарат министрлігінің  
„Ана тілі“ баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.  
Казакстан Республикасы Баспасөз жөнө бұқаралық әкпарат министрлігінің  
„Кітап“ полиграфиялық қоғаморндары әндірістік бірлестігінің Кітап фабри-  
касы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.